

никому в тягость, старался все делать сам. Может, поэтому, чувствуя, что время пришло, он лег в больницу, чтобы внуки не видели, как он уходит.

Ата был рядом, когда не стало папы, старшего брата, мамы. С первых дней он относился ко мне, как к дочери, а в последние годы даже выделял, отмечая, что я стала ближе всех. Я всегда чувствовала его поддержку, чувствовала его любовь. Я ему очень благодарна за то, что он всегда был рядом. Единственное, о чем сожалею, что очень мало времени для общения с Ата досталось моим детям. Но они его помнят, любят, гордятся и никогда не забудут...».

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ РУХАНИ КӨСЕМІ**

**Оспан Д.Қ.**, тарих пәнінің мұғалімі

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мектеп-гимназиясы

**Смағұлов Н.Б.**, тарих магистрі

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Қарағанды қ., Қазақстан

XX ғасырдың басында қазақ халқы аса ірі қоғамдық-саяси өзгерістермен қатар ауқымды рухани жаңғыруларды да бастан кешті. Ұлттық мәдениет пен әдебиеттің, білім мен ғылымның туын көтерген, халықтың санасына демократиялық ойлар сіңіріп, алға жетелеген зиялы топ қалыптасты. Халықтың зердесіне сәуле түсіріп, санасын оятқан осы топтың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы болды.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ ұлтының тарихында үлкен бір дәуірді алып жатқан алып тұлға. Ол өзінің талантын туған халқына арнаған еңбегімен шындалған қайсар да қаһарман ғалым. XX ғасыр басында Ресей империясының жүргізген отаршыл саясатынан болашағына қауіп төнген қазақ халқына тығырықтан шығуға жол көрсетіп өткен аса көрнекті лингвист, дарынды ақын, аудармашы, түркі тілдес халықтар тұлға тұтқан, қоғам ісіне араласқан мемлекет қайраткері болды [1, 15 б.]. Білімімен, ақыл-парасатымен замандастарының арасында ерекше жарқырап көрінгендігінен туған халқы Ахмет Байтұрсынұлынан зор үміт күтеді. Жастайынан айналысында болып жатқан оқиғаларға сергек қараған ол қоғамдағы болып жатқан құбылыстарға, әлеуметтік өмірге терең үңіледі. Қарқаралыда мұғалім болып жүргенде 1905 жылға Ресейде басталған І-ші орыс революциясының дүмпулері қазақ арасына да келіп жетеді. Отаршыл патша өкіметінің саясатына әуелден қарсы Ахмет Байтұрсынұлы қоғамдық-саяси қызметін барынша жандандырады. 1905 жылы 14500 адам қол қойған әйгілі «Қарқаралы петициясын» ұйымдастыруға белсенді түрде ат салысты. Патша өкіметі тарапынан қудалауға ұшыраған Ахмет Байтұрсынұлы 1909 жылдан 1910 жылдың 21-ақпанына дейін Семей қаласында абақтыда отырады. Қылмысын әйгілейтін нақты айғақтар болмағандықтан, патша жандармериясы бір тәуліктің ішінде Семей қаласынан кетуге, үш жыл бойы қазақ даласынан сырт жерде тұруға үкім шығарады. Сөйтіп Ахмет Байтұрсынұлы ғылыми және мәдени дәстүрі бар, қазақтың оқыған азаматтары шоғырланған Орынбор қаласына 1910 жылдың наурыз айында келеді. Орынбор Губерниялық жандарм бастығының көмекшісі генерал Бабиц Түркістан жандарм басқармасына берген құпия мәліметінде «Ахмет Байтұрсынұлы Орынборға 1910 жылы 10-наурызда келіп, көп ұзамай еркін жалданушы есебінде Торғай Орал көшпенділер партиясында 60 сомдық айлықпен кеңсе ісін жүргізуші болып орналасты», – деген.

Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақ» газетіне редактор болып бекітілгенге дейін екі жылдай уақыт ішінде құжатта көрсетілген мекемеде қызмет атқарып, газет шығаруға дайындық жасады. Ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның, Ахмет Байтұрсынұлының, Міржақып Дулатұлының және қазақ ұлттық-демократиялық интеллигенциясы өкілдерінің қажырлы еңбегінің арқасында 1913 жылдың 2 ақпанында «Қазақ» газетінің тұңғыш номері жарыққа шығады. 1913 жылдың 2 ақпанында Қазақ газетінің №1 редакция алқасының атынан Ахмет Байтұрсынұлы оқырмандарына арнау сөзінде былайша жазды: «Аталы жұртымыздың, адуанды ұлтымыздың аруақты аты деп, газетіміздің есімін «Қазақ» деп қойдық. Ұлт үшін деген істің ұлғаюына күшін қосып, көмектесіп, қызмет ету қазақ баласына міндет. Халыққа қызмет етемін дегендер, азаматтар, тура жолдың бірі осы. Жол ұзақ, ғұмыр қысқа, қолдан келгенін ғұмыр жеткенінше істеп кетелік» [2, 11 б.]. XX ғасыр басында алаш зиялыларын топтастырып, бүкіл халықтың жанашыры болған – «Қазақ» газеті 1913 жылдың 2-ақпанынан 1918 жылдың соңына дейін Орынбор қаласында шығып тұрған. Осы жылдар аралығында «Қазақ» газетінің барлығы 265 саны жарық көрген. Орынбор қаласы ал кезде бүкіл түрік халықтарының саяси-мәдени және рухани орталығы ретінде Қазан қаласынан кейін екінші орынды

иеленетін. «Қазақ» газетіндегі белсенді қоғамдық-саяси қызметі Ахмет Байтұрсынұлын қазақ халқының рухани көсемі деңгейіне көтерді. Ахмет Байтұрсынұлының шебер басшылығы мен жанқиярлық еңбегінің арқасында, – деп жазды Міржақып Дулатұлы, – жоқтан барды жасаған деуге болатын және патшалық полицейлік режимнің ауыр жағдайларында тіршілік еткен газеттің жабылар алдында өз баспаханасы, қағаздың үлкен қоры, шағын кітапханасы болды, таралымы 8000-нан асты. Осындай жолмен Ахмет Байтұрсынұлы жетекшілік еткен Қазақ газеті жас қазақ басылымдарының тарихында алдыңғы және құрметті орынға ие болды. [3, 302-б.].

Қазақ газетінің редакциялық алқасы 1914 жылғы жаңа жылдық 45-нөмірінде газетті 10 облыстың қазақтары жаздырып алатынын хабарлаған. Бұған қоса оны Орынбор, Уфа, Қазан, Петербург, Мәскеу, Томск қалаларындағы, сондай-ақ Түркия мен Қытайдағы оқырмандары алып тұрды [4, 705 б.].

1916 жылға 25 маусымдағы патша үкіметінің Қазақстан мен Орта Азияның тұрғылықты халқының ер-азаматтарын майдандағы қара жұмысқа алу туралы жарлығы қазақ халқын есеңгіретіп жіберді. Жерінен айырылып әбден күйзеліске ұшыраған қазақ халқы енді империяға қарсы қарулы күреске дайындалды. Ахмет Байтұрсынұлы сонау 1913 жылдың өзінде: «Қазақ ұлтының өмір сүруінің өзі проблемаға айналды», – деп жазған болатын. Отаршыл өкіметтің шексіз қанауына шыдамаған қазақ халқының енді жаппай қолына қару алудан басқа амалы қалмаған еді. Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы өкіметке тыл жұмыстарына шақыруды кейінге қалдыруды ұсынды. Олар қарусыз халық үкіметтің жазалау шараларының құрбаны болады деп қауіптенді. «Тыңдаңыздар, қан төкпеңіздер, қарсыласпаңыздар», – деп олар 1916 жылдың қазан айындағы үндеу хатында елді сабырға шақырды. Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы бастаған қазақ халқының зиялылары бірінші кезекте елді қантөгістен аман сақтап қалуды ойлады. Тарихтың қатал бағасы «Қазақ» газетінің маңайына топтасқан Алаш зиялыларының саяси көзқарастарының бірден-бір дұрыс жол болғандығын дәлелдеді. 1916 жылғы Ұлт-азаттық көтерілістің кезінде патша өкіметінің бақайшағына дейін қаруланған жазалаушы армиясы қарусыз қазақ ауылдарын қан-жоса етіп қырғынға ұшыратты. 1916 жылы қазақ халқының саны жарты миллионға дейін азайып кеткенін бүгінде біз тарихи зерттеулерден біліп отырмыз.

1917 жылы патшаның тақтан құлуын Ахмет Байтұрсынұлы зор қуанышпен қарсы алып, ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның басшылығымен қазаққа бостандық, теңдік әперу үшін саяси күрес майданына араласты. 1917 жылы Ақпан революциясының жеңісінен кейінгі елдегі революциялық процестердің қарқынды дамуы барысында аса ірі мемлекет және қоғам қайраткері Әлихан Бөкейханның төңірегіне топтасқан либерал-демократиялық көзқарастағы қазақ интеллигенциясының өкілдері ұлттық партия құру жоспары бойынша өз жоспарларын жүзеге асыруға кірісті. 1917 жылы 21-26 шілдеде Орынбор қаласында өткен І-ші жалпықазақтың съезде Ахмет Байтұрсынұлов пен Міржақып Дулатов «Тәуелсіз автономия» құру идеясын ұсынды [5, 101 б.]. І-ші жалпықазақтық съездің қорытыңдасында «Алаш» ұлттық саяси партиясы құрылды. Әлихан Бөкейхан қазақ халқының көсемі, партия басшысы болып сайланды. Бірақ қоғамда кері ахуал қалыптастырған большевиктердің төңкерісі Алаш зиялыларының қазаққа дербес ұлттық автономия алып береміз деген әрекеттерін тұйыққа тіреді. Ахмет Байтұрсынұлы 1919 жылдың наурызында Кеңестер өкіметі жағына өтті. Ахмет Байтұрсынұлындай ірі тарихи тұлғаның беделі уақытша болса да большевиктерге де қажет болды. Қазақ халқының қоғамдық ой-санасының дамуындағы барлық саяси қозғалыстар Байтұрсынұловтың есімімен байланысты болды [6, 202 б.]. 1919 жылғы жаз бен күзде Ахмет Байтұрсынұлының инициативасымен Қазревком өз мәжілістерінде Алашорданың батыс бөлігімен байланыс жасау және оның басшыларымен келіссөздер жүргізу үшін арнаулы өкілдер жіберу мәселесі талқылады. Қазревкомның төрағасы қызметін көп жағдайда өзі атқарған Ахмет Байтұрсынұлының іс-әрекеті негізінде Алашорданың батыс бөлімі Совет жағына шықты. Ахмет Байтұрсынұлы Қазревком төрағасының орынбасары болып тұрған кезде мәжілістерінде Алашорда жетекшілеріне көзқарас туралы және осы қозғалысқа қатынасусыларға кешірім жасау жөніндегі мәселе әлденеше рет талқыланды [6, 206 б.]. Ахмет Байтұрсынұлының Кеңес өкіметі жағына кездейсоқ өтпегені белгілі. Бұл туралы ол өзі «Жизнь национальностей» журналында 1919 жылы 3 тамызда жазған «Революция және қазақтар» атты мақаласында төмендегідей пікір білдірген еді: «Егер де бұрын бір топ адамдар патша чиновниктері атынан қырғыздарды (қазақтарды) жауапсыздықпен қамақ, әр түрлі зорлық-зомбылықтарға жол берген болса, дәл осындай қылықты шет аймақтарда большевик-коммунистер деген атты жамылған осындай және басқадай адамдар тобы байқатты. Патша өкіметі кезінде, бұрын мұндай жағдаймен ымыраға келмеген мен және менің пікірлестерім, енді тағы да осындай істер Советтің Ресейде түгелдей орын алуда деп ойлап ымыраға келмей кеңес өкіметін мойындауғы қарсы болдық. Бірақ монархиялық билік бағытындағы Колчактың пайда болуы осы және басқа билік туралы

ойлауға мәжбүр етті. Сонда біз қырғыз (қазақ-Т.О) халқының ежелгі арманы оңшыл ма әлде солшыл ма әйтеуір, жүзеге асар болар дегенге көзіміз жеткендіктен жергілікті большевиктердің іс-әрекеті біздерге ұнамды көріне қоймаса да кеңес өкіметі жағына шыққанды жөн көрдік» [7, 241 б.].

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ елін ұлттық тұрғыдан дербес мемлекет ету идеясынан бас тартқан емес. Ол 1920 жылы 17 мамырда В.Лениннің атына хат жолдап, «Ресейде коммунистер көп, бірақ нағыз идеялық коммунистер өте аз, оның үстіне олар шет аймақтарда аз немесе мүлде жоқ», – дей келе қазақ жерінің билігін қазақтан шыққан коммунистерге беруді талап етті [8, 4 б.]. Осы жылдың 12 шілдесінде Ахмет Байтұрсынұлы тағы да Т.Рысқұлов, Н.Ходжаев, З.Валидов, Ә.Ермеков, Х.Юмагулов тәрізді түркі халықтарының көрнекті тұлғаларымен бірге В.Ленинге хат жолдап, оның бұрынғы отарлаушы ел пролетариаты яғни орыс жұмысшы табы шеткері аймақтардағы отар елдер еңбекшілерін азат етеді деген қағидамен және панисламизмге қарсы күреске шақырған ұранымен өздерінің келіспейтінін ашық мәлімдеді [7, 354 б.]. Қолайсыз саяси ахуалға қарамастан Ахаң кеңес өкіметі жылдарында да өзінің соңына үлкен рухани мұра қалдырып кетті. 1923 жылы ол Мәскеуде қазақтың эпостық жыры «Ер Сайынды» бастырып шығарды. 1926 жылы жарық көрген оның «Әдебиет танытқыш» атты еңбегі қазақ әдебиетінің теориясы мен тарихын өркендетуге қосылған зор үлес болды. Бүгінде Ахаңның «Әліп-би», «Тіл құралы» деген еңбегі де көпке белгілі [7, 355 б.].

И.В. Сталиннің 1925 жылғы 29 мамырдағы «Ақ жол» газеті туралы хаты Ахмет Байтұрсынұлын және оның серіктерін қуғындауға теориялық негіз қалады. Ақырында алғаш Архангельскіде, соңынан Томскіде 1929-1934 жылдары айдауды болған Ахмет Байтұрсынұлы көп кешікпей, 1937 жылы қуғын-сүргіннің жаңа толқынына ілігіп жазықсыз атылып кетті. Бүгінгі таңда біздің міндетіміз ел боламыз десек Алаш зиялыларының қалдырған рухани мұраларын толық игеріп, олардың басты мұраты болған ұлттық идея биігінен көрінуіміз керек.

#### Пайдаланған әдебиеттер

1. Әбдіманов Ә. Ахмет Байтұрсынұлы. – Алматы: Арда, 2007 – 295 б.
2. «Қазақ» Құрастырушылар: Ү.Субханбердина, С.Дәуітов, Қ.Сақов. Бас редактор Нысанбаев Ә. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1998. – 560 б.
3. Дулатов М. Шығармалары. – Алматы: «Ана тілі» баспасы, 2010. – 400 б.
4. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. – Алматы: «Атамұра», 2002. – 768 б.
5. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4-том. – Алматы: «Атамұра», 2010. – 752 б.
6. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: «Ататек», 1995. – 256 б.
7. Омарбеков Т., Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 388 б.
8. Омарбеков Т. Қателескен Ленин бе, жоқ әлде қазақ зиялылары ма? //Егемен Қазақстан, 1991. – 26 қараша.

#### АТШЫ ДАРГЕР – ЛОШАДИНЫЙ ДОКТОР» В.Я. БЕНЬКЕВИЧ

Попов Ю.Г., к.т.н., краевед,  
г. Санкт-Петербург, Россия

Подлинная сенсация республиканского уровня ожидает исследователей природных ресурсов Сарыарки для нужд сельского хозяйства. Как известно, в 1903 году вышел первый выпуск «Записок Семипалатинского подотдела ЗСО ИРГО». И почетное право открыть этот престижный на все времена труд, получил каркаралинец В.Я. Бенькевич, занимавший пост Каркаралинского уездного ветеринарного врача. Его статья под заголовком «Киргизское степное скотоводство и меры к его улучшению» содержала предложения из 10 пунктов, которые включали упорядочение колонизации Степного края, создание в каждом уезде специальных сельскохозяйственных комитетов, создание ферм, подбор производителей и их демонстрацию на ежегодных выставках, заготовку кормов и внедрение сельхозорудий [1].

В своей статье он отмечал, что «Киргизы народ наблюдательный, понятливый, не косный. Они легко перенимают разные нововведения с условием, что они удобоприемлимы. Из киргиз можно быстро сделать рационального скотовода».